

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 220 Жарлығын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы" 2006 жылғы 23 желтоқсандағы № 1247 және "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің құрамы туралы" 2006 жылғы 26 желтоқсандағы № 1287 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 10 қаңтардағы № 10 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 220 Жарлығын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы № 1247 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 49, 518-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумда:

"ҚазАгро" холдингі" АҚ-ны басқару мәселелері" деген 5-бөлімде: үшінші бөліктегі "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының орынбасары," деген сөздер алынып тасталсын;

2) **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.04.2014 N 377 қаулысымен. Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.04.2014 N 377 қаулысымен.**

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер Министрі *К. Мәсімов*